23192750946

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025жылғы 18 қыркүйек №5265-25-00-2/2323 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Қ.Сатыбалдиева
Н.Сламбаев хатшылығында
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша біріктірілген азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Ердаулет» атынан Ғанибек Ердаулет Мақсатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Ж.Күздеуова
Жауапкер Е.Ғанибек, оның өкілі Р.Нурбеков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 28 наурызда «Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі (Тапсырыс беруші) мен Дара кәсіпкер «Ердаулет» атынан Ғанибек Ердаулет Мақсатұлы (Өнім беруші) арасында «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» тәсіліменен мемлекеттік сатып алу №27 санды келісім Шарт жасалынған (әрі қарай - №27 Шарт).

№27 Шартында белгілінген міндеттеріне сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» «Белорус-1222,3» маркалы трактороға арналған қосалқы

бөлшектерді ағымдағы жылдың сәуір айының 12-шы жұлдызына дейін жеткізіп беруге міндеттелген.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 31 наурызда жоғарыда аталған тараптар арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алу №25 санды келісім Шарт түзілген. (әрі қарай - №25 Шарт).

№25 Шарттың талаптары бойынша жылғы Өнім беруші Тапсырыс берушіге «УАЗ-Patriot» маркалы патрульдік автокөлігіне арналған қосалқы бөлшектерді ағымдағы 2025 жылдың сәуір айының 15-шы жұлдызына дейін жеткізіп беруге міндетті болған.

Талап қоюшы талаптары жауапкер Өнім беруші №25 және №27 Шарттар бойынша аталған тауарларды белгілінген мерзімде орындамағанымен негізделген.

Жауапкер қарсы пікірін «UAZ» Сервис-тің анықтамасына сай «УАЗ – Patriot» маркалы автокөлігіне арналған қосалқы бөлшектердің, ал «MNT GROUP» дара кәсіпкердің анықтамаларына сай «Белорус-1222,3» маркалы тракторға арналған қосалқы бөлшектердің Шарттарда көрсетілген құны өте төмен көрсетілген. Бұл жөнінде Тапсырыс беруші Шарттарда қате кеткен деп айтып, бір жақтама Шарттарды заңсыз бұзған.Бұдан тыс талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімдерін себепсіз өткізіп алған деп уәждеген.

Сот талқылауында талап қоюшының өкілі талаптарды қолдап, оларды жоғарыда көрсетілген негіздерімен толық қанағаттандыруды, жауапкерді №25 мен №27 Шарттар бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сот отырысында жауапкердің өкілі сотта талаптарды мойындамай, жазбаша қарсы пікіріндегі уәждерін қолдап, талап қоюлар негізсіз болғандықтан және де өткізіп алған талап қою мерзімін ескеріп, осы негізбен талапты қанағаттандырусыз қалдыруды өтінген.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай – АК) 268-бабының 1-тармағында міндеттемеге сәйкес бір адам (борышкер) басқа адамның (кредитордың) пайдасына жұмыс орындау, ақша төлеу және тағы да сол сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал кредитордың борышкерден өз міндеттерін орындауын талап етуге құқығы бар деп айқындалған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 25.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 01.12.2025, судья Сейтжанұлы С., 01.12.2025
5265-25-3-6/400

берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Азаматтық іс құжаттардан анықталғандай, №27 және №25 Шарттардың 3.1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық көлемде және тиісінше орындауын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Алайда, сот барысында жауапкермен №27 және №25 Шарттардың Техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдері 15 күнтізбелік күн ішінде яғни 2025 жылғы сәуір айының 12-шы және 15-ші жұлдыздарына дейін белгілінген мерзімде тауарларды бүгінгі күнге дейін жеткізбегені расталған.

Бұл объективтік мән-жайлар Өнім берушімен жіберілген 2025 жылдың 22 сәуірдегі №11-300 және №11-301 санды жазбаша хабарламалармен дәлелденеді және де сотта жауапкермен жоққа шығарылмаған.

Осыған байланысты, мемлекеттік сатып алу №27 және 25 Шарттарды 2025 жылы 29 сәуір Өнім беруші тарапынан электрондық порталда бір жақтама бұзу туралы хабарламалары жолданып, 2025 жылы 14 мамырда біржақты тәртіппен бұзылған.

Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 72-бабында әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс деп белгілінген.

Сотта талап қоюшының талаптары нақты және тиісті құжаттамалық дәлелдерімен толық расталды, ал жауапкер жақтың міндеттемені уақтылы және тиісті дәрежеде орындауға автокөлігі мен тракторға арналған қосалқы бөлшектердің Шарттарда көрсетілген құны өте төмен көрсетілгеніне байланысты мүмкіншілігі болмағаны деген уәждері өз дәлелін тапқан жоқ.

Сонымен қатар, жауапкер сот отырысында аталған келісім шарттарға өзі қолтаңбасын қойғандығын, көрсетілген бағаларды көргенін растады.

Сондықтан, оның ұсынылған бағалардың нарықтық бағадан төмен болуына байланысты шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағанын көрсеткені, жауапкердің кәсіпкерлік тәуекелі болып табылады, ал шарт талаптарына сай жауапкер өз міндеттемелерін орындауға міндетті.

Сот жауапкердің «Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 8-бабы 4-бөлігіндегі талаптарын бұзып сотқа бұл талап қоюмен 1 айдан астам уақыт ішінде негізсіз жүгінген, яғни талап қою мерзімін өткізіп алған, осы негізбен талапты қанағаттандырусыз қалдыруды өтінген.

Алайда, бұл жағдайда заңның 8-бабы 4- тармағының 4-тармақшасының талаптары емес, осы баптың 3 тармақшасының талаптары қолданылуға жатады. Себебі шарттар бойынша міндеттемелер мүлде орындалмаған.

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 25.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 01.12.2025, судья Сейтжанұлы С., 01.12.2025
5265-25-3-6/400

Осы азаматтық іс қарау барысында №27 және 25 Шарттар Өнім беруші тарапынан 2025 жылы 14 мамырда біржақты тәртіппен бұзылғаны, ал талап қоюлар сотқа 2025 жылы 21 мамырда тапсырылғаны «Төрелік» жүйесінің мәліметтерімен расталған.

Яғни, талап қоюшы қазіргі қолданыстағы заң талаптарына сай келісім шарт бұзылғаннан кейін сотқа заңда көзделген мерзімді сақтай отырып жүгінген.

Азаматтық кодексінің 359-бабының 1-тармағына сәйкес борышкер кінәсі болған кезде міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

АК-нің 272, 273-баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 санды «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» нормативтік қаулысының (әрі қарай – нормативтік қаулы) 8-тармағына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сотта жауапкермен Шарттарға және Техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес өзіне жүктелген Өнім берушінің міндеттемелерді өз кінәсімен орындамағанына байланысты Тапсырыс берушіге туындаған жағымсыз салдарларды келтіргені өз дәлелін тапқан.

Қорыта келе, сот жоғарыда анықталғандарын назарға алып, зерттелген дәлелдемелердің жиынтығына баға беріп, көрсетілген заң талаптарының негізінде, талап қоюшының талаптарын қанағаттандырып, жауапкерді №25 және №27 Шарттар бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай іс бойынша төленуге жататын 3 692 теңге құрайтын мемлекеттік бажды жауапкерден мемлекеттің пайдасына өндірілуге жатадыі.

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 25.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 01.12.2025, судья Сейтжанұлы С., 01.12.2025
5265-25-3-6/400

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюлары - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Ердаулет» атынан Ғанибек Ердаулет Мақсатұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Ердаулет» атынан Ғанибек Ердаулет Мақсатұлынан мемлекет пайдасына 3 692 (үш мың алты жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403,404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 25.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 01.12.2025, судья Сейтжанұлы С., 01.12.2025

5265-25-3-6/400